

**МӨЗ-да
өңдеу көлемі
2017 жылы
14,9 млн
тонна
мұнайды
құраған –
2016 жылға
қарағанда
102,8%.**



Экономикалық ортаға шолу

Қазақстан – бұл орасан зор, жылдам дамып келе жатқан мемлекет. Елдің аумағы 2,7 млн шаршы метрден асады, халқының саны – 18 млн адам. Мұнай-газ аудандары ел аумағының 60%-нан астамын алады. Қазақстанда 172 мұнай кен орындары орналасқан, ал қазақстандық мұнай қорлары дүниежүзіндегі дәлелденген қорлардың шамамен 1,8%-ын құрайды. Қазақстандық мұнай қорларының 90%-нан астамы 15 ірі мұнай кен орындарында шоғырланған.

ҚР ҰЭМ статистикасының деректері бойынша 2017 жылдың қаңтар-желтоқсан айлары аралығында өндірілген жалпы ішкі өнімнің көлемі (оперативті деректер бойынша) 51,6 трлн теңгені құраған және алдыңғы жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғандағы шынайы көрінісінде 4%-ға артқан.

Компанияның қаржылық жағдайына әсер ететін негізгі макроэкономикалық факторларға мыналар жатады: мұнай бағасының серпіні, инфляция қарқыны, валюта бағамдарының, атап айтқанда теңгенің АҚШ долларына айырбастау бағамының ауытқуы.

	2015	2016	2017	Ауытқу
Brent (DTD) орташа бағасы	52,39	43,73	54,192	24%
Инфляция деңгейі – Қазақстан (%)	13,60	8,50	7,10	-16
Орташа айырбастау бағамы (1 АҚШ долларына теңге)	222,25	341,76	326	-5%

2017 жылы дүниежүзілік нарықтарда жағымды конъюнктура байқалған. Brent маркалы мұнайдың орташа бағасы жылына 24%-ға өсті. ОПЕК+ елдерінің өндіруді шектеу туралы келісімі орташа мерзімді келешектегі маңызды жағымды факторға айналды. Сондай-ақ, Таяу Шығыстағы оқиғалар да өз рөлін ойнады.

ҚР Энергетика министрлігінің деректері бойынша 2017 жылы Қазақстанда мұнай өндіру 86,2 млн тоннаны құраған – бұл 2016 жылмен салыстырғанда 110,5% және жоспармен салыстырғанда 102%. Соның ішінде үш ірі жоба бойынша: Қашаған – 8,3 млн тонна, ТШО – 28,7 млн тонна (2016 жылға қарағанда 104,1%) және Қарашығанақ – 12,5 млн тонна (2016 жылға қарағанда 109,5%). 2018 жылы 87 млн тонна мұнай өндіру жоспарланып отыр.

2017 жылы мұнай экспорты 69,8 млн тоннаға жетіп, 2016 жылға қарай 12,4%-ға ұлғайған. Қазақстандық мұнайдың негізгі жеткізілу бағыттары төмендегі кестеде келтірілген.

2017 жылы мұнай жеткізу бағыттары

Бағыт	Мың тонна	% 2016 жылға қарай
Атырау – Самара	15 368,0	106,9
Орынбор ГӨЗ	624,20	83
Каспий Құбыр Консорциумы (КҚК)	49636,3	121,6
Атасу – Алашанькоу	2 291,0	74,6
Теңіз порты	1 192,3	54,3
Т/ж	670,0	75,4

МӨЗ-да өңдеу көлемі 2017 жылы 14,9 млн тонна мұнайды құраған – 2016 жылға қарағанда 102,8% және өткен жылғы жоспарға қарағанда 102,6%. 2018 жылы мұнай өңдеу көлемі 15,8 млн тонна деңгейінде жоспарланады.

Газ өндіру көлемі шамамен 52,9 млрд м³ құраған – бұл 2016 жылға қарағанда 114% немесе 2017 жылғы жоспарға қарағанда 110% 2018 жылы газ өндіру жоспары – 53,4 млрд м³.

Республикадан газ экспорттау көлемі 17,3 млрд м³ немесе 2016 жылға қарай 126,3% құраған. 2017 жылы қазақстандық газ алғаш рет Қытайға экспортталды. Жеткізілімдер көлемі 1,1 млрд м³ құраған. 2018 жылы екі мемлекеттің экономикалық ынтымақтастығын кеңейтіп, газ экспортын 10 млрд м³ дейін арттыру жоспарланып отыр.

2,9 млн тонна сұйылтылған газ (2016 жылға қарай 108,2%), тауарлық газ – 31,6 млрд м³ (2016 жылға қарай 110,9%) өндірілген.

Операциялық нәтижелер

Мұнай өндіру

ЕМГ АҚ-ның 43 кен орны бойынша мұнай барлау және өндіру жөнінде келісімшарттары бар, соның ішінде 33 кен орны игерілу үстінде және 9 кен орны (Тәжіғали, Ескене, Доссор, Мақат, Төлес, Комсомол, Сағыз, Бекбике, Таңатар) консервацияланған, біреуі – тәжірибелік-өнеркәсіптік игерілу барысында.

2018 жылғы 1 қаңтардағы жағдайы бойынша ұңғымаларды пайдалану қоры 2 237 ұңғыманы құрады, олардың ішінде 2 107 ұңғыма қолданыста, 65 ұңғыма қолданыстан шыққан, 60 ұңғыма жабылу алдында, 5 ұңғыма игерілу үстінде. 2018 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша айдаушы ұңғымалардың пайдалану қоры 455 ұңғыманы құрады. Олардың ішінде 410 ұңғыма қолданыста, 37 ұңғыма қолданыстан шыққан және 8 ұңғыма жабылу алдында.

Жоспарда жаңа 45 мұнай ұңғымасын енгізу қарастырылған. Іс жүзінде соңына дейін 41 мұнай ұңғымасы қолданысқа енгізілді. 2018 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша екі ұңғыма (№ 534, № 538 С. Нұржанов) игерілу үстінде, екі ұңғыма бұрғылаумен тәмамдалды. 2017 жылы жаңа ұңғымалар бойынша мұнай өндіру көлемі 51,96 мың тонна құрады. Жоспар бойынша 69,175 мың тонна көзделген. Жұмыстардың кеш басталуы және ұңғымаларды игеру уақытының созылуы жоспардың орындалмауына себеп болды.

286 ұңғымаға күрделі жөндеу жүргізілді. 54 ұңғыманың ернеуі қайта жабдықталды.

Компания кен орындарының басым көпшілігі кеш игеру сатысында, және кен орындарының қиын өндірілетін қорларының үлесі тоқтаусыз ұлғайып жатыр. Соңғы жылдар бойы мұнай өндіру деңгейінің тұрақтануы бірқатар шаралар кешенін қолдану себебінен жүзеге асты: жаңа ұңғымаларды бұрғылау, ұңғымаларға күрделі және ағымдағы жөндеу жүргізу, ұңғымалар қорымен жүйелік жұмыс жасау, пайдалану коэффициентін арттыру, жөндеу аралық мезгілді ұзарту, озық технологиялар енгізу және кен орындарын игеру жүйесін оңтайландыру.

«Ембімұнайгаз» АҚ бүгінгі таңда мұнай өндіру коэффициентін арттыру үшін мұнай берілісін ұлғайтудың дәстүрлі әдістерімен қатар жаңа технологияларды қолданады, әрі қазақстандық озық ғылыми-зерттеу институттарын қатыстырады. Ұңғымалардың жөндеу аралық мезгілін (ЖАМ) ұзарту үшін жаңа технологиялар белсенді енгізілуде.

2017 жылы «Ембімұнайгаз» АҚ-да бойынша 2 840,000 мың тонна мұнай өндіру жоспарланған, іс жүзінде 2 840,015 мың тонна өндірілді (жоспар 100%-ға орындалды). Жоспардан тыс 0,015 мың тонна мұнай өндірілді. Бұл ретте тәуліктік орташа мұнай өндірісі 7,780 мың тонна/тәулік құрады. 2017 жылы мұнайды тапсыру 100%-ға орындалды, 2 805,850 мың тонна жоспарға қарсы 2 805 867 мың тонна тапсырылды. Жоспардан тыс 0,0175 мың тонна мұнай тапсырылды.

